

"Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 29 қыркүйектегі N 692 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2003 жылғы 13 ақпан N 157

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары туралы" 2002 жылғы 28 тамыздағы N 931

Жарлығының 1-тармағы 7) тармақшасына сәйкес ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

"Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 29 қыркүйектегі N 692 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 29 қыркүйектегі N 692 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары туралы" 2002 жылғы 28 тамыздағы N 931

Жарлығы 1-тармағының 7) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігіне шағын бизнесті қолдау саласындағы функциялар мен өкілеттіктер берілуіне байланысты ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. "Қазақстан Республикасы Президентінің жанынан Кәсіпкерлер кеңесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 29 қыркүйектегі N 692 Жарлығына мынадай өзгеріс енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Кәсіпкерлер кеңесі туралы ережеде:

12-тармақта "Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Шағын бизнесті қолдау жөніндегі комитеті" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК